

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ӨМІРШЕНДІГІ

Макенова Г. К. – Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, №3 мектеп-лицейі, Тараз қаласы.

Мақалада Ыбырай Алтынсаринның білім, тәрбие беру мәселесі жөніндегі педагогикалық ой-пікірлері сараланып, ағартушы шығармашылығының ұлттық құндылық ретіндегі маңыздылығы туралы айтылды.

Кілт сөздер: ұлы ағартушы, тәрбие, білім, ұстаз, мектеп, тіл, хрестоматия, талап, еңбек, мұра.

Қазақ педагогикасының қалыптасуы мен дамуында көшбасшы болған Ыбырай Алтынсариннің ағарту ісінде атқарған қызметі мен адам тәрбиесі жөніндегі еңбектері еліміздің қазіргі білім беру жүйесінде өзектілігін жоймай келе жатқан ұлттық ұлағаттың айқын көрінісі болып табылады. Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы-педагог. Ыбырай Алтынсариннің демократиялық-ағартушылық бағыты, оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс табады. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнады. Екіншіден, ұстаз тәлімгерлер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының ХІХ ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады.

Ы.Алтынсарин шығармашылығындағы ұлттық ұлағат оның тәлімдік мәні бар, тағылымы терең қазақ әдебиеті үлгілерін «Қазақ хрестоматиясына» таңдап енгізуінен басталады. Ағартушы өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиі бағалатын тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанды. Ыбырай қазақ балалары үшін ана тілде тұңғыш оқулық жазды. «Қазақ хрестоматиясы» демократиялық бағыттағы педагогикалық ғылымның негізінде жазылған, орыстың ұлы педагогі К.Ушинский мен белгілі педагог Паульсонның хрестоматиясының үлгісінде құрастырылған.

Хрестоматияның бірінші бөлімінде балаларға таныс, олардың өмірлеріне жақын халықтық идеяларды тарататын әңгімелер мен жырларды алды. Бұлардың негізгі идеялары жастарды білімге, тазалыққа, адалдыққа, еңбекті сүюге, мейірбандылыққа, қарапайымдылыққа, достыққа баулу еді. Ыбырай хрестоматияға «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Талаптың пайдасы», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Бір уыс мақта», «Киіз үй мен ағаш үй», «Білгеннің пайдасы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Надандық» және басқа да өзі жазған әңгімелері мен аудармалары енді. Ыбырай шығармашылығының шоқтығы – еңбек тақырыбы. Кейде өсиет, кейде үгіт түрінде жазылған шағын әңгімелерінде еңбектің адам өміріндегі қажеттілік екенін ашып көрсетеді. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде жазушы тіршіліктің адам үшін ғана емес, тіпті жәндіктерге қымбат екенін ұғындырса, «Атымтай Жомарт» әңгімесінде Атымтайды еңбек адамының үлгісі ретінде сипаттайды. Ал «Әке мен бала» әңгімесінде ұстаздардың ұстазы балаларды жалқаулықтан жирендіріп, оларды жұмысты аз немесе көп деп бөлмей еңбектенуге шақырады. Бұл әңгіменің тәрбиелік мәні әсіресе қазіргі жаһандану заманында аса жоғары деп айтуға болады, себебі бүгінгі жастардың аз жұмысты қиынсынып, көп жұмысқа тап болып, азға қанағат етпей көптен құр қалып жүрген жағдайлары кездеседі. Ұстаз сонымен қатар жастардың оқып білім алуында ерік-күш және талаптың аса қажет екендігіне назар аударып, оларды ерінбей еңбек етуге, ізденуге шақырып, «Әр нәрсені жігермен істе, өзіңнен не нәрсеге қабілетің, ыңғайың бар, қолыңнан не келеді, соны жақсы біл, қай өнердің соңынан түссең, әрі өзіңе, әрі қоғамға пайда келтіре аласың, талаптан да таңдап ал. Кейде талаптың, жігердің жоқтығынан жап-жақсы өнердің жарыққа шықпай кетуі де мүмкін. Сондықтан өз талабыңмен өрге шық», – деген ақылын айтады.

Бір Аллаға сыйынып,

Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық!, – деп басталатын өлеңінде ағартушы өмірдегі сарқылмайтын мол байлық білім екендігіне назар аударады. Адамның білімге қолы жетуі үшін ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндірген бұл өлеңді ұстаз шығармашылығының төлқұжаты десек те болады. Ұрпағының білімді адам болып, халқының жаңа жолмен ілгерілеуіне жетекшілік жасап, мәдениет жағынан салыстырғанда «тастан сарай салдырып, айшылық алыс жолдардан, көзінді ашып-жұмғанша жылдам хабар алғызатын» елдердің қатарында болуды армандаған ағартушының сол дәуірде айтқан сөзі жаңа ғасырдың жаңалықтарымен үндесіп жатыр.

Ал хрестоматияның екінші бөлімінде алған мысалдар балалардың ой-өрісін кеңейтуге, жаратылыс ғылымдарынан мәлімет беруге арналған. Ағартушы бұл бөлімде оқушының ойын аздан-көпке, аласадан-биікке, төменнен-жоғарыға қарай өрлетеді. Мысалы, жастарды әуелі өздерінің туған жерімен таныстырған, сонан соң дүниежүзілік жағдайлар баяндалған. Ыбырай мектептерде оқылатын оқулықтарға үлкен мән берген. Ол өз мектептерінде Бунаковтың «Әліппесін», «Мектепте және үйде оқы-

латын кітап» деген оқулығын, Крыловтың мысалдарын, Ушинскийдің «Детский мир» оқулығын пайдаланды. Ол ашқан мектептерде орыс тарихы, жалпы тарих, физика, арифметика, зоология, ботаника, қазақ тілі, қазақ тілінің грамматикасы оқытылды. Ыбырай мектептерінің оқу программасы бастауыш мектептерінің көлемінен асыңқырап кеткен. Бірақ ағартушы бұны біле тұра қолданған сияқты, себебі ол кезде қазақ жерінде жоғары оқу орындары жоқ еді. Сондықтан да Ыбырай өз мектебінің программасын көтеріп, қазақ жастарына әр түрлі ғылым саласынан мәлімет беруді мақсат еткен. Бұл жөнінен патша үкіметі тарапынан ескертулер көп болған. Бірақ ағартушы оған құлақ аспаған, мектептің программасына еш өзгерткен жоқ. Ол өзінің қысқа ғұмырында «... құдай маған көмек етсе және дәрменім жетсе, мен азды-көпті қазақ халқына ғана пайдалы бола аламын» дей отырып, туған халқының жарқын болашағы үшін сөзімен де, ісімен де барын сала ұланғайыр іс тындырған тұлға.

Ағартушы «Шараит ул-ислам» шығармасында «Әй, жарандар, дүниеде мәңгі ешкім тұрмайды. Аз уақыт дүниеде қонақ есебінде тұрып, жаман пиғылды, жаман қылықты, жаман құлықты болып ахиретіңізге не жанға, не денеге пайдасы жоқ нәжіс ұстап қайтпаңыз. Дүниеде таза мінезіңізбен хайырлы істер істеп, ахиретке қайтсаңыз, сол өзіңізге жинап қайтқан жақсылықтарыңыз ақиретке бірге барар дәулетіңіз. Тікен еккен жерден бидай орып алып, ұн ішермін деп үміт ету мүлде ақымақтық болса керек. Әркім не ексе соны орып алса керек» деп, адамгершілік тәрбиесіне баса көңіл бөлді. Бұл мәселе бүгінгі күннің де мектептерінің алдында тұрған мақсат. «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектепте ғана», – деді ағартушы. Яғни баланы білім алуға қызықтыру арқылы білімге деген уәжін арттыру арқылы оқушыны құзіретті тұлғаға айналдыру. Ал мектептегі білім нәрін себуші басты тұлға – ұстаз. Ұлы ағартушы: «Дүниедегі ең қымбатты адам – халық мұғалімі, оқытушы мектептің шешуші күші» деп жазды. Ол қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу ісіне ең басты мәселе деп қарады. «Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып тәрбиелеу ісінен артық еш нәрсе жоқ», – деп ой түйді. Оның еңбегінің арқасында білім беру саласы қазақ даласында кең орын алды. Атап айтқанда, облыстың барлық уездік қалаларында училищелер ашу қолға алынды. Оларды мұғалімдермен және оқушылармен қамтамасыз етті. Ол мектептердің жабдықталуына, олардың жанында шағын кітапханалар ұйымдастыруға ерекше күш салды. Қазақстанда қыз балаларға білім берудің басталуы да Ыбырай Алтынсариннің есімімен байланысты. Ұлы ұстаз мектепті халық ағарту ісінің ең маңызды буыны деп санады.

Ағартушының гуманистік идеялары мен оларды жүзеге асырудағы атқарған ұлаңғайыр істері бүгінгі ұлттық білім беру жүйесінің негізі болып табылады. Ыбырай Алтынсариннің өзгелерден даралана биіктеп асқақтай түскен тұлғалық қасиеттерінің арқасында жұрт қалауына бөленген ақындық, жазушылық, ағартушылық, педагогтік аудармашылық еңбектерін айтпағанның өзінде, баспасөз ұйымдастыру, кітапхана ашу, қыздарға білім беру, теория мен практиканы ұштастыру, тіл тазалығын сақтау, ұлттық терминологияны қалыптастыру, тұлғаны әлеуметтендіру және рухани дамыту, оқу мен тәрбие үрдісін үйлестіру мәселелері бойынша толғақты ой-пікірлерінің бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоймаған өміршеңдігіне таң қаласың. Оның жарқын бейнесі мен іс-әрекетінен қазақ халқының мәдени-экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін, жаппай сауатты, оқыған ел болуын көксеген біртуар жан екенін көреміз. Ұлы ағартушының бұл арманы тәуелсіз қазақ жерінде толығымен іске асып, салтанат құрып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. **Қалиев С.** «Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары» / Алматы, 1991 ж.
2. **Сүйіншалиев Х.** «Қазақ әдебиетінің тарихы» / Алматы, 1997 ж.
3. **Алтынсарин Ы.** «Кел, балалар, оқылық» / Алматы, 2007 ж.
4. **Абдулина А.** «Ыбырай Алтынсариннің «Шараит-ул-Ислам» еңбегінің тәрбиелік мәні», 2011 ж.

ӘОЖ 821.512.122

Ы. АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТІҢ МӘНІ

Маталиева А. Е. – Филология ғылымының магистрі, Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-шебер, Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы.

Бұл мақалада ұлт ағартушысы, жазушы, ақын Ыбырай Алтынсариннің шығармаларындағы көтерілген еңбек тақырыбының маңыздылығы, тәрбиелік мәні, мәселені көтерудің қажеттілігі және бүгінгі күнмен сабақтастығы жайлы айтылған.

Кілт сөздер: Еңбектің мәні, адамгершілік құндылық, тәрбие, білім, адал еңбек.